

Г.С. МУСИНОВА ¹✉, Э.Е. ЕРКІНБЕКОВА ¹, Қ.Т. ТӨЛЕБАЕВА ¹¹Alikhan Bokeikhan University

✉e-mail: g.musinova@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ЭССЕ ЖАНРЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ БАҒДАРЫ ЖӘНЕ ЭКОСЫН

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттанудағы эссе жанры жан-жақты қарастырылады. Эссе – публицистика, көркем әдебиет салаларының тоғысында анықталатын гибрид жанр. Көркем әдебиеттегі өзге жанрлардан эссе композициялық еркіндігімен, авторлық интерпретацияның мол кездесуімен ерекшеленеді. Зерттеудің мақсаты – табиғат пен адам, экология тақырыптарындағы эсселерді талдау. Аталған мақсатқа жету үшін эссенің жанр ретінде анықталуы, белгілері теориялық аспектіде сараланып, авторлық интерпретация әдеби, көркемдік, эстетикалық сипаттарымен қарастырылды. Зерттеу барысында әлем әдебиетінде эссенің жанр ретінде қалыптасуы, дамуы жайлы теориялық зерттеулер талдана келе, гибрид жанр екені анықталды. Бүгінгі қазақ әдебиетінің тенденциясында, прагматикалық сатыда қарыштап дамып келе жатқан саланың бірі – эссе жанры. Осыған сәйкес зерттеуімізде табиғат пен адам, экология мәселелерін көтерген эсселер қарастырылып, ондағы авторлық позиция коммуникативтік стратегия аясында анықталды. Нәтижесінде қазақ әдебиетінде экология тақырыбын қамтитын эссе авторлық интерпретацияға сәйкес жүзеге асып, қоғамдық мәселенің назардан тыс қалмайтынын көрсетеді. Зерттеудің құндылығы – қазақ әдебиеттануындағы эссе жанрының қоғамдағы өзекті мәселелермен байланыста анықталуы болып отыр. Мәдени құбылыс ретінде эссе жанры экологиялық тақырыптарды экосын аспектісінде талдап, авторлық пайымдаудың нәтижесі ретінде танылады.

Кілт сөздер: эссеистика, экосын, авторлық интерпретация, коммуникативтік стратегия, дискурс.

Кіріспе

Қазақ әдебиеттану ғылымында жанр мәселесі әрдайым маңызды зерттеу нысанларының бірі болып табылады. Әдеби жанр жүйесінде ерекше сипатымен танылатын эссе жанры соңғы жылдары көркем шығамашылықта да, ғылыми-теориялық зерттеулерде де өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Эссе – автордың жеке ой-толғанысын, дүниетанымын, эстетикалық көзқарасын еркін формада жеткізетін, мазмұны мен құрылымы жағынан дәстүрлі жанрлық қалыптардан өзгеше көркем-публицистикалық жанр. Сондықтан оның әдебиеттегі орны мен қызметін айқындау, теориялық негіздерін саралау және даму

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Мусинова Г.С., Еркінбекова Э.Е., Төлебаева Қ.Т. Қазақ әдебиеттануындағы эссе жанрының теориялық бағдары және экосын // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – Б. 188-199. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.16>

*Cite us correctly:

Musinova G.S., Erkinbekova E.E., Tolebaeva Q.T. Qazaq adebiettanuyndagy esse zhanryryn teoriialyq bagdary zhane ekosyn [Theoretical Orientations of the Essay Genre in Kazakh Literary Studies and Ecocriticism] // Yassawi Journal of Philology. – 2026. – №1 (1). – B. 188-199. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3085.16>

Мақаланың редакцияға түскен күні 03.02.2026 / жарияланған күні 30.03.2026

ерекшеліктерін анықтау ұқазіргі қазақ әдебиеттануы үшін маңызды ғылыми міндеттердің бірі саналады.

Әлем әдебиетінде эссе жанрының қалыптасуы мен дамуы терең тарихи негізге ие. Бұл жанрдың теориялық бастаулары Батыс әдебиетінде қалыптасып, кейін ұлттық әдебиеттерде өзіндік ерекшеліктерімен дамыды. Қазақ әдебиетінде де эссе жанры біртіндеп қалыптасып, авторлық ой мен қоғамдық пікірді бейнелеудің тиімді тәсілі ретінде кеңінен қолданыла бастады. Әсіресе, тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби үдерісте эссе жанрының мазмұндық, стильдік және идеялық мүмкіндіктері кеңейіп, әдебиет пен публицистика арасындағы аралық жанр ретінде жаңа сипаттарға ие болды.

Сонымен қатар, қазақ әдебиеттану ғылымында эссе жанрының теориялық табиғаты, жанрлық ерекшеліктері, құрылымдық сипаты мен көркемдік қызметі туралы зерттеулер біршама болғанымен, бұл мәселе әлі де жан-жақты ғылыми талдауды қажет етеді.

Осы мәселеге қатысты әдебиеттану ғылымында эссе жанрының табиғаты мен ерекшеліктерін әртүрлі қырынан қарастырған зерттеушілердің еңбектері бар. Мәселен, З.И. Кирнозе ХХ ғасырда эссе жанрының кең өріс алуын деректі жанрлардың әдеби форма ретінде танылуымен байланыстара отырып, оның мазмұнында өмірлік фактілер мен нақты деректердің маңызды орын алатынын атап өтеді [1, 48-б.]. Бұл пікір эссенің тек көркемдік сипатымен ғана емес, сонымен қатар танымдық және деректі қызметімен де ерекшеленетінін дәлелдейді. Ал шетелдік зерттеуші Р. Скулз эссенің басты табиғатын автордың оқырманды белгілі бір ойға иландыру, сендіру ниетімен байланыстырады. Оның пікірінше, эссе авторлық пайым мен дәлелге негізделген ой-толғаныстың нәтижесінде қалыптасатын ерекше шығармашылық форма болып табылады [2, 118-б.].

Сондай-ақ, Д. Доналд эссені мәдени құбылыс ретінде қарастырып, оның заманауи әдеби процестегі маңыздылығына назар аударады. Ғалымның пікірінше, эссе белгілі бір кезеңдегі қоғамның рухани-мәдени ахуалын танытатын шығармашылық форма ретінде бағалануы тиіс [3, 89-б.]. Бұл тұрғыдан алғанда эссе жанры тек әдеби шығармашылықтың нәтижесі ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ой мен мәдени дамудың көрсеткіші болып табылады.

Қазақ әдебиеттануында да эссе жанрының қалыптасуы мен даму мәселелері бірқатар ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып келеді. Айтап айтқанда Р.Б. Сұлтанғалиева бастаған бір топ зерттеушілер қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының кең өріс алуын тәуелсіздік кезеңімен байланыстырады. Ғалымдардың пікірінше, қоғамдағы саяси-әлеуметтік өзгерістер, сөз бостандығының арту және мәдени байланыстардың кеңеюі эссе жанрының дамуына айтарлықтай ықпал етті. Осы орайда зерттеушілер қазақ әдебиетіндегі эссенің кең таралуын қоғамдық формациялардың ауысуы және социалистік идеологиялық шектеулердің жойылуымен байланыстырады [4, 259-б.].

Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі эссе элементтерінің көркем проза жанрларымен сабақтасып даму да назар аудартады. Әдебиеттанушылар роман жанрына эсселік сипаттың енуін Ә. Нұршайықов, З. Қабдолов, Қ. Ысқақ шығармаларындағы роман-эссе үлгілері арқылы қарастырады. Бұл туындыларда авторлық ой-толаныс, өмірлік дерек, публицистикалық пайым және көркем баяндау тәсілдері өзара үйлесім табады [5].

Эссе – ғылыми, публицистикалық, көркем әдебиетпен тығыз байланыста анықталатын гибрид жанр. Эссенің ғылыми сипаты тақырыбының кең ауқымымен анықталады. Философия, эстетика, әлеуметтану, әдебиет және өзге де салалар зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңдағы жаһандық экологиялық дағдарыс жағдайында адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қайта қарау кезек күттірмейтін мәселе. Эссе жанры өзінің субъективті табиғатымен бұл мәселелерді құрғақ дерек ретінде емес, адамның ішкі толғанысы мен азаматтық ұстанымы арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан табиғат пен экология

тақырыбындағы эсселерді зерттеу қоғамдық сананы ояту мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруда айрықша маңызға ие.

Эссеге тән маңызды белгі – қоғамның өзекті мәселесіне үн қатып, пайымдауы. Осыған сәйкес зерттеуіміздің негізгі мақсаты – табиғат пен адам, экология тақырыптарына қатысты эсселерді талдау. Мақаланың негізгі міндеттері: 1. Эссе табиғатын теориялық, тарихи-мәдени аспектілерде қарастыру; 2. Табиғат пен адам, экология тақырыптарына қатысты эсселердің тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 3. Эсселердегі авторлық интерпретацияны әдеби әрі көркемдік сипаттары негізінде талдау.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Әдеби мәтіндерді талдау, авторлық интерпретацияны, экологиялық контексті айқындау мақсатында компаративтік талдау, экокритикалық талдау, когнитивтік талдау, дискурстық талдау әдістері жүзеге асты. Қазақ әдебиетінде жаңа бағыт ретінде эссе роман, мемуар, өмірбаян сынды жанрлардың тоғысында қарастырылып келді. Бұл өз кезегінде эссе жанрының танымалдыққа ие болуымен байланысты. Сонымен бірге, эссеистер тарапынан да туындылар көп жағдайда хат, мақала, трактат түрінде беріліп жатады. Осы себептен эссе жанрының табиғатын зерттеу, өзге жанрлардан ерекшеліктерін ажырату маңызды. Зерттеуші Ш.А. Шортанбай Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесіндегі қаламгерлер бейнесінің берілуі ерекшеліктеріне, автор интерпретациясына назар аударып, өмір шындығын бейнелеудегі көркем әлемінің суреттелу шеберлігіне назар аударады [6, 112-б.]. Бұл тұста зерттеуші Ш.А. Шортанбай өзара салыстыру арқылы Қ. Ысқақпен қатар өмір сүрген замандас-қаламгерлерінің бейнелері, әдеби үлесі сараланған.

Қазіргі қазақ әдебиеттануында эссеистика жанры дербес көркем әрі философиялық құбылыс ретінде жаңа пайымдауларды талап етеді. Эссе жанрында табиғат пен адам, экология тақырыптары авторлық сана, ұлттық дүниетаным, ойлау жүйесімен тығыз байланыста. Зерттеу материалы ретінде экосын, табиғат пен адам, экология тақырыптарына қатысты эссе үлгілері алынып отыр.

Талдау мен нәтижелер

Эссенің әлем әдебиетінде қалыптасуы батыс әдебиетінде М. Монтань «Тәжірибелер» (1580) кітабында, шығыс әдебиетінде С. Сенаганның X ғасырда жарияланған жазбаларымен тікелей байланысты. Эссенің қарқынды дамуы XVIII ғасырда көрінеді. Осы кезеңде алғаш рет «эссеист» сөзі қолданыс табады. Ағылшын және француз журналистикасында эссе басты әрі жетекші жанрға айналады. Дж. Свифт, С. Джонсон эсселері сол кезеңнің талабына сай қысқалығымен ерекшеленді. Америка әдебиетінде эссе дербес жанр ретінде XVIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың I жартысында қалыптасты. Америка әдебиетінде эссе жанрының дамуы саясатпен тікелей байланыста көрінеді. Б.Франклиннің саяси сатирасы эссе жанрында жүзеге асты. XIX ғасырдың I жартысында америка әдебиетіндегі ірі эссеист В. Ирвинг болды. Р. Эмерсон және Г.Торо және өзге де авторлар субъективті эссенің негізін қалады. XX ғасырда М. Твен эссесі жеңіл юморымен, қарапайым сөйлеу тілімен ерекшеленді. XX ғасырдың екінші жартысында эссе жанрын анықтау қиынға соғып, әдебиеттің ерекше жанры деп қарастырылды. Бұндай қиындықтың туындауына эссе деп танылатын туындылардың басқа атауда қолданылуында еді. Мәселен, философиялық трактат, дидактикалық поэма, хат, әңгіме (беседі), диалог, пайымдау (рассуждение) деп аталатын туындылар жанрлық белгісі жағынан эссеге жатады. Эссенің очерк терминімен қатар қолданылуы оның көркем публицистикалық табиғатын айқындайды. Эссені очерк жанрына телу орыс әдебиетінде көп кездесті, бұған себеп жанрға сыни тұрғыдан қарау. Н. Глушков, В.Я. Канторович зерттеулерінде эссеге тән белгілер очерк деп анықталғанын көре аламыз.

Соңғы кездегі зерттеулерде XXI ғасырдағы көшбасшы жанр «эссе» деп аталып жүр. Бұл эссе жанрының ерекшелігімен, тақырыптық-мазмұндық кең ауқымымен байланысты.

Қоғамдағы астарлы мәселелер ағылшын, америка қоғамында эссе арқылы қалың көпшілікке жетті. Осыған сәйкес эссенің маңызы артып, әдеби жанр ретіндегі қызметі жоғарылады.

Эссенің табиғаты жайлы теориялық еңбектерге шолу жасағанда публицистика, мемуар, естелікке құрылатынын көреміз. Әдебиеттанушы А. Ісімақова прагматикалық дамудың әдебиеттегі көрінісін ғылыми-танымдық негізі бар эссе жанрымен байланыстырады [7, 321-б.]. Бұл өз кезегінде қазіргі қазақ әдебиетіндегі қалыптасқан үдеріс екенін көреміз. Оқырманды дискуссияға шақыратын эссе жанрының адамзаттың рухани дамуына үлесі зор. Жазушы-эссеистер үшін ең бастысы нысан – таным. Осылайша, эссе жанрында «жаңа ойлау» үлгісі көрініс тауып, интеллектуалды, көркем сананың байланысын қалыптастырады.

Эссенің жанрлық сипаты көркем прозамен де, сынмен де, публицистикамен де байланысып жатыр. Қазіргі әдебиеттануда эссе жанры адамның ішкі әлемін, әлеуметтік әрі мәдени кеңістігін өзара байланыста көрсетуімен анықталады. Эссе жанрының табиғатына тән белгілер ретінде мыналарды көрсетеміз:

- автордың субъективті пікірі айқын берілетін әдеби прозалық жанр, яғни өмірдегі тәжірибесіне негізделген еркін формадағы пайымдау;
- нақты бекітілген тақырып. Ондағы сұрақтардың көптігіне қарамастан тақырып нақтылығымен ерекшеленеді;
- еркін композиция, ойлар мен ассоциациялардың еркін қозғалысы;
- академиялық лексикадан тұрмыстық лексикаға дейін қолданылуы, сонымен бірге көркемдік құралдардың мол кездесуі (метафора, эпитет, аллегория, символ және т.б.);
- оқырманмен «ашық» диалогтың орнауы;
- күнделікті өмір тәжірибесінің кәсіби білім түрінде емес, айқын әрі анық түрде философиялық астармен берілуі.

Аталған жанрлық белгілер эссенің әдебиеттанудағы ерекше жанр екенін айқындай түседі. Осылай әдебиеттанудағы эссе формасы – шынайы фактілерге негізделген айқын әрі анық пайымдаулар. Эссе формасында көрініс тапқан ойлар бір құбылысқа екінші қырынан қарауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі түрде эссе баяндау, сипаттау, рефлексивті, әдеби-сыни, аналитикалық, философиялық және т.б. деп ажыратылады. Дегенмен зерттеуімізде бұндай тақырыптық жіктеуден бөлек, екі үлкен категорияда қарастыру жөн деп санаймыз. Олар: субъективті және объективті. Бұндағы субъективті эссе белгілі бір тақырыпта авторлық интерпретацияның басымдыққа ие болуы. Объективті эссе идеяның немесе баяндаудың басымдық танытуымен анықталады.

Соның ішінде табиғат пен адам, экология тақырыптары берілген эсселер ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр басында ерекше өзектілікке ие. Бұның негізінде әлемдік экологиялық дағдарыс, антропоцентризм бағытынан эоцентризмге бет бұруымен, гуманитарлық ғылымдардағы экологиялық ойлау, экосынның қалыптасып, дамуымен тікелей байланысты. Қазақ әдебиетіндегі эссеистика әлемдік тенденциядан қалыс қалмады. Табиғат бейнесімен қатар ұлттық дүниетаным, руханият, тарихи жад мәселелері де қоса қарастырылды.

Эссенің теориялық негізде анықталуы мына белгілерден көрінеді: субъективтілік, авторлық интерпретация немесе авторлық рефлексия, аргумент, диалогтық сипат. Табиғат пен адам экология тақырыптарындағы эсседе аталған белгілер молынан ұшырасып, тақырып нысан ғана емес, моральдық және философиялық негізді құрайды. Эссеистика табиғат бейнесі пейзаждық сипаттан дамып, концептуалдық, семиотикалық мәнге ие болды. Ю.М. Лотман, Н.Б. Болотнова, П.П. Гайденко, М. Хайдеггер, Р. Карсон сынды зерттеушілердің пікірлерін қорыта келе, табиғат пен адам байланысы гармониялық модель, антропоцентризм модель, экологиялық-этикалық модель сынды үш түрлі модельдің жиынтығынан тұрады [8, 348-б.]. Қазақ эссеистикасында үшінші модель жиі кездеседі. Қазақ жеріндегі индустрияландыру, Арал теңізінің қасіреті, ядролық полигондар ұлт трагедиясы ретінде анықталады.

Экология тақырыбын қамтитын эссе – көркем туынды ғана емес, интеллектуалды талқылаудың нәтижесі. Автор тарапынан экологиялық дағдарыс, табиғи апат ұлт басына төнген зауал, қасірет деп танылады. Аталған шығармаларда ғылыми дерек публицистикалық пафоспен бірге беріліп отырады. Экология тақырыбы эсседе ғылыми тұрғыдан себеп пен салдар байланысын көрсетсе; публицистикалық пафос пен авторлық интерпретациялық моральдық, этикалық бағалауға, сонымен бірге оқырманды қандай да бір әрекетке шақыруды көздейді. Осы тұста экосын терминіне тоқталып өтсек.

Экосын – әдебиет пен қоршаған ортаны бірнеше ғылымдар тоғысында қарастыратын бағыт. Табиғат тек қана фон түрінде емес, адам мен табиғат байланысы мәдени, тарихи және этикалық дискурс аспектісінде қарастырылады. Экосынның негізгі мақсатында әдебиеттегі адам мен табиғат, экология тақырыптарын қарастырып, ондағы антропоцентризмді сынау, экологиялық сананы қалыптастыру жатыр. Шетел әдебиетінде экологиялық мәселелер табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынастан көрініс табады. Жаһандық климаттық өзгерістер, тіршілік әлеміндегі жойылып бара жатқан түрлер, адамның табиғатты қолдануы қазіргі әдебиетте символдық аспектіде емес, экосын дискурсына танылады. Экосын әдебиетте табиғат бейнесін: кең көлемдегі мәдени-әлеуметтік контексте; адам әрекетінің салдарынан орын алатын қоршаған орта өзгерісі; этикалық жауапкершілік ретінде талдап көрсетеді. Экосын талдау әдісі арқылы әдеби мәтіндегі табиғат пен адам арасындағы интерактивті байланысы анықталады. Заманауи ағылшын әдебиетінде экологиялық тақырыптар антропоцентризм мен тұрақтылық сипатында талданады. Дегенмен экологиялық этиканы қалыптастыру әдебиет арқылы жүзеге асады [9, 28-б.].

Зерттеуші Н.Б. Руженцева эссені прагматикалық-коммуникативтік әрекет деп анықтайды. Бұл тұста автор эссенің оқырманға тигізетін тілдік ықпалын, коммуникативтік стратегияларын басты назарда ұстайды. Өйткені эссеистің негізгі міндеті оқырманды авторлық позицияның дұрыстығына сендіру және пайымын қабылдауға итермелеу. Зерттеуші эссе авторын ұлттық сана тасымалдаушысы деп анықтайды. Яғни эссеист тұлғасында ұлттық болмыс пен тарихи-мәдени тәжірибе жинақталып, ұлттық сананың прагматикалық маркері «біз» есімдігімен белгіленеді [10, 56-б.]. Осы негізде автор интерпретацияланып отырған көркем мәтінді үнемі ұлттық болмыстың нақты қырларымен сабақтастырып отырады.

Қазақ әдебиетінде эссе жанрын сын аспектісінде қарастырған Д. Ысқақұлы болды. Эссенің жанрлық табиғатындағы негізгі ерекшелік – композициялық еркіндігі. Бұл жанрда әдеби формаларға тән қалыптар сақтала бермейді. Зерттеушінің анықтауынша эссе белгілі бір шығармаға, жазушыға немесе әдеби құбылысқа арналған үзік ой-толғаныстарын қамтиды. Кейбір эссе мемуарлық сипатта жазылып, қаламгердің шығармашылық әлеміндегі пікірлерін танытады дейді. Ендігі бір топ эссе естелік формасында, лирикалық толғаныс түрінде кездеседі. Дегенмен зерттеуші Д. Ысқақұлы эссенің көркем жанр ретінде қалыптасуына назар аудара отырып, сыншылдық қырын айқындай түседі. Бұл әсіресе эсседегі қатаң ғылыми талдаулардың аздығымен, автордың шығармашылық тәжірибесіне негізделген пайымдаулардан байқалады. Әдебиет пен қаламгерлер туралы пікірлерді оқырманға эстетикалық әсермен, бейнелі тілмен жеткізетін арна – эссе жанры [11, 67-б.]. Қазақ әдебиетінде авторға, оның шығармашылығына арналған пайымдаулары эссе формасында мольнан кездеседі. З. Қабдолов сынның екі мақсатты көздейтінін: біріншіден, туындының байыбына бару; екіншіден, қаламгерді жазған шығармасын жетілдіруге жетелеу деп нақты көрсетеді [12, 152-б.]. Осы тұста эссе жанрында жазылып отырған сын қаламгерлердің туындыларының тұтас мәнін ашуды көздейтіні, сонымен бірге жекелеген авторлық көзқарас та менмұндалап тұрады.

Әбіш Кекілбаев эсселерінде замандас қаламгерлердің шығармашылығын бағалау, олардың жетістіктерін айқындау сәттері жиі кездеседі. «Сең соққан сергелден» деген эссесінде замандасы Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы жайлы пайымдайды. Эсседе

аталатын Арал қасіреті Ә. Нұрпейісов шығармашылығының негізгі арқауы. «...Әдебиеттегі сонылықты біреулер ешкім жазбаған тақырыпты жазу деп түсінсе, біреулер қай тақырыпта жазсаң да, өзіңше жазып, өзгелер бармаған астарларды ашып, өзгелер байқамаған құпияларды паш ете білу деп біледі. Әбдіжәмил Нұрпейісов соңғы топқа жататын қаламгер. Сондықтан да қай шығармасының да төркін-төсегін Арал деп ұғады» деп замандасы Ә. Нұрпейісовтің көркем прозадағы көрініс тапқан азаматтық ұстанымын ажыратады [13, 360-б.]. «...Ол – өз туған өлкесі Аралдың айдыны азайып бара жатқанына алғаш қабырғасы қайысқан адам» деу арқылы Ә. Нұрпейісовтің Арал трагедиясына бейжай қарамай, қолынан келгенін жасап тырысқанын Ә. Кекілбаев дәлелдей түседі [13, 368-б.]. Тартылып жатқан Аралдың жағдайын алғашқылардың бірі болып әдебиетте бере білген Ә. Нұрпейісовтің ерлігін Ә. Кекілбаев лайықты бағалайды. Бұл тұста Ә. Кекілбаев замандас-қаламгердің шығармашылығының бағасын берумен қатар, қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға өзіндік үн қатып отыр. Арал теңізі Кеңес одағы тұсында көлемі жағынан 4-орында болды. Соған қарамастан билік басындағылар Аралдың шынайы ахуалын ескерместен, өндіріске кеңінен пайдаланады. Нәтижесінде Арал сарқылып, сол өңірдегі ғана емес, тұтас қазақ жеріндегі экологиялық апатқа айналып шыға келді. Арал теңізінің тартылуы, оның экологиялық зардаптары «Соңғы парыз» диалогиясында асқан шеберлікпен суреттелген. Реализм мен көркемдік қиял тоғысқан эпикалық туындыда өмір шындығы, жеке кейіпкерлер тағдыры, қарапайым тұрмыс тынысы нанымды беріліп, қаламгердің өмірлік философиясын айқындайды. XX ғасырдағы адам мен табиғат байланысы, Арал экологиясының зардабы қоғамдық-әлеуметтік әрі психологиялық аспектіде берілген.

Қазақ жерінде Семейде орын алған ядролық жарылыстар, оның салдары прозалық, драмалық шығармалардың негізіне айналды. Алайда Маңғыстау жерінде жүргізілген ядролық сынақтар жайлы прозалық туындылар көп кездесе бермейді. Аталған тақырыпта Т. Медетбектің эссе жанрындағы шағын талдаулары өңір тұрғындарының болашағына алаңдауынан көрініс тауып отыр. Әдебиет өкілінің эссе жанрында қалам тербеуі әлем әдебиетінде жаңалық емес. XX ғасырдағы француз жазушылары А. Моруа, Ж.П. Сартр, А. Камю, М. Элиаде, ағылшын және америка әдебиеті өкілдері Э.Б. Уайт, Г. Уэллс, Дж. Оруэлл, орыс әдебиетінде В.И. Иванов, В.В. Розанов, К. Паустовский және өзге де қаламгерлерді атай аламыз.

Т. Медетбек эсселерінде авторлық пайымдау мол ұшырасады. Экология тақырыбына арналған «Радиация» туындысы эссенің жанрлық табиғатына сай. «...бір мезгілде ғана жұтатынын жұтып, жалмайтынын жалмап кете қоятын зұлмат емес, оның тұтас бір халықты зар илететін зардабы жүздеген жылдарға кетеді» [14, 236-б.]. Бұл тұста автор Чернобыль апатын немесе Семей полигоны емес, Маңғыстау өңіріндегі радиация сәулесінің жергілікті тұрғынға, Үстірт мекеніне тигізген зауалына назар аударғанын, аталған мақаласына өзек болғанын көреміз. Автордың азаматтық ұстанымы, сонымен бірге авторлық интенциясы туған жерге деген қамқорлығын көрсетеді. Үстірт жерінде болған үш жерасты ядролық жарылыстың қоршаған ортаға, теңізге тигізген әсеріне автордың назар аударуы Кеңестік Ресейдің қазақ жеріндегі отаршылдық саясатының ауқымын танытуға бағытталған. Сонымен бірге автор: «...радиациялық апат, ядролық дүлей қыспаққа алып тұрған мынадай қатерлі заманда, әлгіндей ортада өмір сүріп жатқан ел қалай тыныш ұйықтап, қалай алаңсыз күй кешпек» деген үзінділер арқылы радиацияның күнделікті тұрмыстағы қарапайым халыққа тигізетін әсерін атап көрсетеді [15, 237-б.].

Ендігі «Обал мен сауап» эссесінде табиғат-ананы аялау тақырыбы қозғалған. Автор өз позициясын мына жолдарда танытады: «Мен, өз басым, жерді мына жер – көл, мына жер – шөл деп бөлгенге; бір жерді көрікті деп ерекше қамқорлыққа алып қорық жасап, екінші жерді көріксіз деп былғап кете беруге қарсымын. Жерді алаламай, бөлмей тұтас қамқорлыққа алған жөн. Өйткені, жер де адам организмі сияқты тұтас организм. Ал адамның аяғы шірісе, қандай қамқорлыққа алсаңыз да, басы аман қалмайды. Яғни көріксіз жер бүлініп

азып-тозса, күндердің күнінде қаншама мәпелеп күтсеңіз де, көрікті жердің көркі қашады. Оған Арал теңізінің тұзды тозаңының шығысы Алтайдың, батысы Кавказдың өсімдіктерінің жапырақтарынан табылып отырғаны куә» [15, 244-б.]. Аталған жолдардағы қазақтың ұлттық танымындағы этномәдени құндылық саналатын «обал мен сауапты» Арал теңізі экологиялық жағдайымен интерпретациялауы автордың экологиялық жағдайға бейжай қарамайтынын көрсетеді.

Арал тақырыбын көркемдік әлемінің негізі етіп алған қаламгер Қ. Жиенбайдың шығармашылық әлемі жайлы Б. Омарұлының «Аралдың ақжол толқыны» портрет-эссесін қарастыру адам мен табиғат байланысын, экологиялық тақырыптың маңызын айқындай түседі. «Теңізбен тамырлас тақырып» бөлімінде Қ. Жиенбай шығармашылығындағы Арал теңізі тақырыбының берілуі жөнінде мынадай пікір білдіреді: «Қуаныш Жиенбайдың бүкіл шығармашылық болмыс-бітімі теңіз тақырыбын айшықтап көрсетуге негізделген. Жазған дүниелері де, қоғамдық істері де теңіз төңірегінен алыстамайды. Қайда жүрсе де, ми жүйесінің бір мүйісінде Арал тұрады» [15, 226-б.]. Б. Омарұлы Қ. Жиенбайдың азаматтық болмысын эссесінде танытып, оның қызметін «...табанынан су кеткен Аралдың жүйкесі жұқарған жұртының шынайы бейнесін шығармаларына мөр қып басты» деп лайықты бағасын берген [15, 228-б.].

Айгүл Кемелбаеваның эссеистикасында табиғат пен адам байланысы, ондағы антропоцентризм модель «Отамалы» талдауында көрініс тапқан. Эссе үш бөлімнен құралып, Т. Жармағамбетов және оның шығармашылығы сөз болып, ондағы табиғат көріністері жан-жақты талданған. Шығармадағы Отамалыны суреттеу тәсіліне назар аударып, тектік жад пен тұз адамына тән болмыс үшінші жақтан баяндау тәсілінен көрінеді. А. Кемелбаеваның мына пікірі: «Тобық Жармағамбетов қаламының құдіреті сол, жан-дүниесіндегі қазақы ұлы мейірімін боранда ыққан панасыз малға арнайды. Ол малдың үскірікке ұрынуын трагедиялық биікке көтерген. Қой екеш қойды адамдай, жаңа туған қозысын нәрестедей көріп, аяп, үсік ұрған сайын жаны қалмай, елжіреп, құсадан егілетін кім? Отамалы. Отамалыны тірілткен Тобық емес пе! Егіліп шер жұтқан Тобықтың өзі» эсседегі табиғат құбылысымен жалғыз күрескен Отамалыны, сонымен бірге «Адам женеді!» деген идеяны насихаттайды [16, 90-б.]. Аталған үзіндіден табиғат пен адам арасын жалғайтын антропоцентризм модель айқын көрініп, А. Кемелбаева эссесінде қаламгер Т. Жармағамбетовтің негізгі идеясын айқара түсіндіріп, жеткізеді.

Эссе арқылы автор тек фактілерді тізіп қана қоймай, оқырманмен диалог орнатады. Осыған сәйкес эсседе коммуникативті стратегиялар қолданыс тауып, тілдік, прагматикалық механизмдер жүйелі беріледі. Қарастырып отырған эсселер дәстүрлі аргументация аясында нақты факті беру арқылы; нарративті стратегия жекелеген оқиғаға деген автордың интерпретациясына негізделген. Ал авторлық пайымдаудың тілдік көріністері түрлі сипатта көрінеді. Мәселен, Ә. Кекілбаев Арал қасіретін «Аралдың айдыны азайып бара жатқанына» деп беруі экологиялық мәселенің интерпретациясы ретінде танылады. Ендігі бір жағынан қалың оқырманға жете түсіндіріп, маңызын көрсетеді. Риторикалық позиция Т. Медетбек эссеистикасында анықталады. Аталған авторлық пайымдау «керек» деген модальды маркер арқылы Маңғыстау өңіріндегі радиацияның аз деңгейіне қарамастан, жауапкершілікпен қарайтын мәселе екенін танытады. Б. Омарұлы, А. Кемелбаева эссеистикасында субъективтілік басым. Авторлық «мен» – эсседегі қарым-қатынас құралы болып табылады. Өз тәжірибесін, танымын оқырманмен арада көпір орнатуға қадам жасайды. Мәселен А. Кемелбаева Т. Жармағамбетов шығармасындағы табиғат пен адам мәселесін әлем әдебиетінде өзара салыстыра қарастырады. Табиғат пен адам, экология мәселелерінің қазақ эссеистикасында көрініс табуы 1-кестеде берілді.

1-кесте – Табиғат пен адам, экология мәселелерінің қазақ эссеистикасында берілуі

№	Эссе	Коммуникативті стратегия	Авторлық пайымдау
1	Ә.Кекілбаев «Сең соққан сергелден»	Нарративті стратегия – автор Арал тақырыбын Ә.Нұрпейісов шығармашылығының негізгі арнасы деп көрсетеді.	Авторлық «мен» пайымдауда айқын көрінеді.
2	Т.Медетбек «Радиация», «Обал мен сауап»	Дәстүрлі аргументация – Маңғыстау жеріндегі ядролық сынақтардың жүргізілу факторлары.	Риторикалық позиция – «керек» модальдылығы арқылы көрініс тауып отыр.
3	Б.Омарұлы «Аралдың ақжал толқыны»	Нарративті стратегия – Қ. Жиенбайдың портрет-эссесіндегі Арал трагедиясын сомдаудағы Қ. Жиенбайдың қаламгерлік шеберлігі анықталған.	Авторлық «мен» Арал трагедиясын ажыратудан айқын көрінеді.
4	А.Кемелбаева «Отамалы»	Нарративті стратегия – адам мен табиғат байланысындағы адам үстемдігі эсседе айқын берілген.	Авторлық «мен» антропоцентризм модель көрінісінде жүзеге асқан.

Осылайша, берілген табиғат пен адам, экология тақырыптарын қамтитын эсселер естелік, сын формасына ұқсас келгенімен қоғамның өзекті мәселесіне үн қатып, авторлық пайымын жеткізуімен ерекшеленеді.

Кейінгі кезде қалыптасқан эссе феномені жайлы орыс әдебиеттанушысы М.Н. Эпштейн «эссе... стало особо популярным в романтических и экзистенциальных системах мировоззрения, продолживших и углубивших движение индивидуальности к самообоснованию» авторлық интерпретацияның алдыңғы орында екенін атап көрсетеді [17, 336-б.]. Эссе жанрының типологиялық түрлерінде очерк немесе мақала формалары анықталады. Дейтұрғанмен зерттеуші М.Н. Эпштейн: «предмет ... рассматривается не в упор, как в научном сочинении, а сбоку, служит предлогом для разворачивания мысли, которая, описав полный круг, возвращается к самой себе, к автору как точке отбытия и прибытия... Подлинный, хотя и не всегда явный предмет эссе – это сам автор» арқылы эссе жанрындағы автор позициясының анықталуына басымдық береді [17, 338-б.].

Әдеби мәтінде автор бейнесі кең ауқымға ие, соның ішінде басты кейіпкер, мәтін ішіндегі коммуникант болмысында кездеседі. Авторлық бағалау басты негіз саналатын мәтіндерде, соның ішінде эссенің жанр ретіндегі танылуындағы басты фактор авторлық рефлексияда жатыр. Жазушы эссеистикасында әдеби-эстетикалық интенциялар мәтінде бірнеше мазмұндық мәнде байланысады. Мәселен, авторлар экологиялық тақырыптарды қозғағанда адамның ішкі күйін де қатар, параллель суреттейді. Бұндай психологиялық параллелизм құрдымға кетіп бара жатқан экологиялық тақырыпты ғана емес, рухани құлдырауды көрсетеді.

Қорытынды

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі эссе жанры – тәуелсіздік кезеңінен бастап қалыптасып келе жатқан жаңа сала. ХХІ ғасырдағы маңызды әдеби жанр ретінде анықталатын эссе қоғамдағы өзекті мәселелерге үн қатып, назардан қалыс қалдырмайды. Эссенің өзге жанрлардан басты ерекшелігі белгілі бір құбылыс жайлы еркін формада авторлық интерпретацияның берілуі. Эссе мәтінде жаңа интеллектуалды ойлау жүйесі қалыптасып, өзіндік жаңа көзқарасын нақтылайды. Әлем әдебиетінде эссе жанрының қалыптасқанына бірнеше уақыт өтсе де, әлі теориялық тұрғыда аз зерттелген сала болып саналады. Қазіргі таңда танымалдыққа ие болғанына қарамастан, қазақ әдебиетіндегі жанрлық белгілерін ескеріп, нақтылы жіктеуді қажет етеді.

Зерттеуімізде эссе жанрының табиғатын, жанрлық белгілерін ажырату мақсатында теориялық бағытта талдаулар жүргіздік. Қазақ әдебиетіндегі жаңашыл саланың қалыптасып

келе жатқанына А.Ісімақова назар аударып, қазіргі қазақ әдебиеттануындағы маңызды арна деп қарастырады. Дегенмен қазақ әдебиетінде эссе жанрын бөліп қарастыру барысында естеліктер, хаттар, мемуар, роман, сын жанрларының тоғысында жүреді. Осы тұтас эссенің гибрид жанр ретіндегі табиғаты сараланып, талданды.

Мақалада табиғат пен адам, экология тақырыптарына қатысты Ә.Кекілбаев, Т.Медетбек, Б.Омарұлы, А.Кемелбаева эсселері алынып, ондағы коммуникативтік стратегия ажыратылып, авторлық пайымдаудың қоғамдағы маңызды мәселеге үн қатуымен байланыста қарастырылды. Адам мен табиғат байланысы үш модель формасына бөлініп, коммуникативтік стратегиядағы маңызы анықталды. Сонымен бірге зерттеуімізде экосын тақырыбының экологиялық сананы қалыптастыруы және ондағы әдебиеттің үлесі сараланды. Нәтижесінде табиғат пен адам, экология тақырыптарындағы эссе автордың қоғамдағы құбылыстарға бейжай қарамайтын азаматтық ұстанымынан пайымдалатын авторлық интерпретацияға негізделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазіргі қазақ әдебиеттануындағы эссе жанрының теориялық негіздерін жүйелеп, оның «экосын» бағытындағы даму ерекшеліктерін алғаш рет дербес нысан ретінде айқындауында. Сонымен қатар, эссенің жанрлық табиғатын басқа туындылардан ажырату арқылы қазақ эссеистикасындағы авторлық пайым мен экологиялық сананың көрініс табу заңдылықтары негізделді.

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ әдебиеттануындағы эссе жанрының теориялық бағдары, экосын тақырыбы әлі де зерттеуді қажет етеді. Әсіресе эссе жанрының жанрлық белгілерін ажыратып, қазақ әдебиетіндегі үлгілерін салыстыру болашақ зерттеудің бағдары бола алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «АР22686946 «Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі (Семей сынақ полигоны негізінде)» жобасы аясында жазылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Зинченко В.Г., Григорьевич З.В., Киризе З.И. Литература и методы ее изучения. Системно-синергетический подход: учебное пособие. – М.: Флинта, 2017. – 274 с.
2. Scholes R., Klaus C.H. Comley N.R. Elements of literature: Essay, Fiction, Poetry, Drama, Film. 4th edition. – Oxford University Press, 1991. – 1632 p.
3. Donald D. Varieties of the essay. Traditional and modern. – Belmont Calif, 1968.
4. Сұлтанғалиева Р.Б., Мусина Ж.Ф., Емранова Ж.М. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі эссе жанрының дамуы мен роман жанрына кірігу үдерісі (Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесі негізінде) // БҚМУ Хабаршысы. – 2017. – №2. – Б. 259-266.
5. Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 234 б.
6. Шортанбай Ш.А. Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесіндегі қаламгерлер бейнесі және авторлық ұстаным // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1(127). – Б. 108-119. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.09>
7. Ісімақова А.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану: (Әдеби мақалалар): монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
8. Болотнова Н.С. Поэтический текст как форма репрезентации гиперконцепта // Язык и общество в синхронии и диахронии: Труды и материалы Международной конференции, посвящённой 80-летию со дня рождения проф. Л.И. Баранниковой. – Саратов: Научная книга, 2005. – С. 346-352.
9. Lemmer E. Ecocriticism // Journal of Literary Studies. – 2007. – Vol. 23, №4. – P. 223-227. <https://doi.org/10.1080/02564710701568097>
10. Руженцева Н.Б. Прагматическая и речевая организация русского литературно-критического эссе XX века: дис. ... док. филол. наук. – Екатеринбург, 2001. – 312 с.
11. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1999. – 321 б.

12. Қабдолов З. Шығармалары. Т.5. Ғылыми зерттеулер. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 320 б.
13. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық жинағы. 13-том. Мейір сөз. – Алматы: Жазушы, 2011. – 400 б.
14. Медетбек Т. Шығармалары. 7 томдық. 7-том. – Алматы: Керемет медиа, 2020. – 320 б.
15. Аралдың ақжал толқыны (Жазушы Қуаныш Жиенбайдың шығармашылық портреті туралы мақалалар жинағы) // Құраст.: Ш. Әбдікәрімов, Б. Омарұлы. – Алматы: «Қоғам» баспасы, 2022. – 288 б.
16. Кемелбаева А. Сөз хикмет: Эсселер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: «Дәстүр», 2016. – 384 б.
17. Эпштейн М.Н. Парадоксы новизны. О литературном развитии. – М.: Сов. писатель, 1988. – 417 с.

REFERENCES

1. Zinchenko V.G., Grigorievich Z.V., Kirnoze Z.I. Literatura i metody ee izucheniya. Sistemno-sinergeticheski podhod: uchebnoe posobie [Literature and methods of its study. The system-synergetic approach: a textbook]. – М.: Flinta, 2017. – 274 s. [in Russian]
2. Scholes R., Klaus C.H. Comley N.R. Elements of literature: Essay, Fiction, Poetry, Drama, Film. 4th edition. – Oxford University Press, 1991. – 1632 p.
3. Donald D. Varieties of the essay. Traditional and modern. – Belmont Calif, 1968.
4. Sultangalieva R.B., Musina Zh.G., Emranova Zh.M. Qazirgi qazaq adabietindegi esse zhanrynym damuy men roman zhanryna kirigu uderisi (Q. Ysqaqtyn «Kelmes kunder elesi» roman-essesini negizinde) [The process of development of the essay genre and integration into the novel genre in modern Kazakh literature (based on the novel-essay by K. Iskak “The illusion of Non-coming days”)] // BQMU Habarshysy. – 2017. – №2. – B. 259-266. [in Kazakh]
5. Adebiettanu terminder sozdigi [Dictionary of literary studies terms] / Qurast.: Z. Ahmetov, T. Shanbaev. – Almaty: Ana tili, 1996. – 234 b. [in Kazakh]
6. Shortanbai Sh.A. Q. Ysqaqtyn «Kelmes kunder elesi» roman-essesindegi qalamgerler beinesi zhane avtorlyq ustanym [The image of writers and the author's position in the novel-essay by K. Iskak “The illusion of Non-coming days”] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1(127). – B. 108-119. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.09> [in Kazakh]
7. Isimaqova A.S. Tauelsizdik kezenindegi adebiattanu: (Adebi maqalalar): monografiya [Literary Studies in the period of Independence: (Literary articles): monograph]. – Almaty: «Karatau KB» JShS: «Dastur», 2016. – 384 b. [in Kazakh]
8. Bolotnova N.S. Poeticheski tekst kak forma reprezentatsii giperkoncepta [Poetic text as a form of hyperconcept representation] // Iazyk i obshestvo v sinhronii i diahronii: Trudy i materialy Mezhdunarodnoi konferentsii, posviashionnoi 80-letiu so dnia rozhdenia prof. L.I. Barannikovoi. – Saratov: Nauchnaia kniga, 2005. – S. 346-352. [in Russian]
9. Lemmer E. Ecocriticism // Journal of Literary Studies. – 2007. – Vol. 23, №4. – P. 223-227. <https://doi.org/10.1080/02564710701568097>
10. Ruzhenceva N.B. Pragmaticheskaya i rechevaia organizatsiya russkogo literaturno-kriticheskogo esse XX veka: dis. ... dok. filol. nauk [The pragmatic and speech organization of the Russian literary and critical essay of the XX century: dis.]. – Ekaterinburg, 2001. – 312 s. [in Russian]
11. Ysqaquly D. Syn zhanrlary: oqu quraly [Genres of criticism: training manual]. – Almaty: Sanat, 1999. – 321 b. [in Kazakh]
12. Qabdolov Z. Shygarmalary. T.5. Gylymi zertteuler [Works. T. 5. Scientific Research]. – Almaty: Qazaq enciklopediasy, 2013. – 320 b. [in Kazakh]
13. Kekilbaiuly A. Shygarmalarynyn zhiyrma tomdyq zhinagy. 13-tom. Meiir soz [A twenty-volume collection of his works. Volume 13. The Merciful Word]. – Almaty: Zhazushy, 2011. – 400 b. [in Kazakh]
14. Medetbek T. Shygarmalary. 7 tomdyq. 7-tom [Works. In 7 volumes. Volume 7]. – Almaty: Keremet media, 2020. – 320 b. [in Kazakh]
15. Araldyn aqzhal tolqyny (Zhazushy Quanysh Zhiembaidyn shygarmashylyq portreti turaly maqalalar zhinagy) [The white-haired wave of the island (a collection of articles about the creative portrait of the

- writer Kuanysh Zhienbai] // Qurast.: Sh. Abdikarimov, B. Omaruly. – Almaty: «Qogam» baspasy, 2022. – 288 b. [in Kazakh]
16. Kemelbaeva A. Soz hikmet: esseler, maqalalar, suhbattar [Word wisdom: essays, articles, interviews]. – Almaty: «Karatau KB» ZhShS: «Dastur», 2016. – 384 b. [in Kazakh]
17. Epshtein M.N. Paradoksy novizny. O literaturnom razvitiі [Paradoxes of novelty. About literary development]. – M.: Sov. pisatel, 1988. – 417 s. [in Russian]

Theoretical Orientations of the Essay Genre in Kazakh Literary Studies and Ecocriticism

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the essay genre in literary studies. The essay is defined as a hybrid genre formed at the intersection of journalism and fiction. Unlike other literary genres, the essay is distinguished by compositional freedom and a strong presence of authorial interpretation. The aim of the study is to analyze essays addressing the themes of nature, humanity, and ecology. To achieve this aim, the essay genre and its defining features are examined from a theoretical perspective, while authorial interpretation is analyzed in terms of literary, artistic, and aesthetic characteristics. The study reviews theoretical research on the formation and development of the essay as a genre in world literature, leading to the identification of its hybrid nature. In contemporary Kazakh literature, particularly at the pragmatic stage of its development, the essay genre has become one of the most dynamically evolving fields. Accordingly, this research examines essays that address issues of nature, humanity, and environmental concerns, with the authorial position analyzed within the framework of communicative strategies. The findings demonstrate that ecological essays in Kazakh literature are realized through authorial interpretation and indicate sustained attention to socially significant issues. The scholarly value of the study lies in identifying the relationship between the essay genre in Kazakh literary studies and pressing societal problems. As a cultural phenomenon, the essay genre explores environmental themes through the lens of ecocriticism and is understood as the result of authorial reflection.

Keywords: essay writing, ecocriticism, authorial interpretation, communicative strategy, discourse.

Теоретические ориентиры жанра эссе в казахском литературоведении и экокритика

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается жанр эссе в литературоведении. Эссе представляет собой гибридный жанр, формирующийся на стыке публицистики и художественной литературы. В отличие от других жанров художественной словесности эссе характеризуется композиционной свободой и активным проявлением авторской интерпретации. Цель исследования – анализ эссе, посвящённых темам природы, человека и экологии. Для достижения поставленной цели жанр эссе и его основные признаки были рассмотрены в теоретическом аспекте, а авторская интерпретация проанализирована с точки зрения литературных, художественных и эстетических характеристик. В ходе исследования были изучены теоретические труды, посвящённые формированию и развитию эссе как жанра в мировой литературе, что позволило определить его гибридную природу. В современных тенденциях казахской литературы, на прагматическом этапе её развития, одним из наиболее динамично развивающихся направлений является жанр эссе. В соответствии с этим в исследовании анализируются эссе, поднимающие проблемы природы, человека и экологии, а авторская позиция определяется в рамках коммуникативной стратегии. В результате установлено, что эссе экологической направленности в казахской литературе реализуются через авторскую интерпретацию и отражают устойчивое внимание к актуальным общественным проблемам. Научная значимость исследования заключается в выявлении связи жанра эссе в казахском литературоведении с насущными социальными вопросами. Как культурный феномен жанр эссе рассматривает экологическую проблематику в аспекте экокритики и осмысливается как результат авторского мировоззренческого анализа.

Ключевые слова: эссеистика, экокритика, авторская интерпретация, коммуникативная стратегия, дискурс.

Авторлар туралы мәлімет

Мусинова Г.С. – корреспондент-автор, PhD, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: g.musinova@mail.ru, Қазақстан, Семей қ.

Еркінбекова Э.Е. – PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: elerki@mail.ru, Қазақстан, Семей қ.

Төлебаева Қ.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: tulebaeva82@mail.ru, Қазақстан, Семей қ.

Information about the authors

Musinova G.S. – The Corresponding Author, PhD, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: g.musinova@mail.ru, Kazakhstan, Semey.

Yerkinbekova E.E. – PhD Doctoral Student, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: elerki@mail.ru, Қазақстан, Семей қ.

Tulebayeva K.T. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: tulebaeva82@mail.ru, Kazakhstan, Semey.

Сведения об авторах

Мусинова Г.С. – автор-корреспондент, PhD, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: g.musinova@mail.ru, Казахстан, г. Семей.

Еркінбекова Э.Е. – PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: elerki@mail.ru, Қазақстан, Семей қ.

Төлебаева Қ.Т. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Alikhan Bokeikhan University, e-mail: tulebaeva82@mail.ru, Kazakhstan, Semey.